

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 214 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 19688 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы және "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Сыртқы коммуникациялар департаменті - Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

2019 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 214 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелерін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелері бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелері";

6-тармақтың 2) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Кт - осы Қағидаларға 1-қосымшаға (бұдан әрі - 1-қосымша) сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушы активтерінің кестесіне, осы Қағидаларға 2-қосымшаға (бұдан әрі - 2-қосымша) сәйкес Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне, осы Қағидаларға 3-қосымшаға (бұдан әрі - 3-қосымша) сәйкес Кредиттік тәуекелді ескеріп мөлшерленген туынды қаржы құралдарының кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел

дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, туынды қаржы құралдарының сомасы ретінде есептелетін кредиттік тәуекел.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. К2 сауда-саттықты ұйымдастырушының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті - 0,015 кем емес.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы К2 коэффициентінің мәнін осы Қағидаларға 4-қосымшаға (бұдан әрі - 4-қосымша) сәйкес К2 ағымдағы өтімділік коэффициентінің кестесіне сәйкес ай сайын есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша есептейді.";

5-тарау алып тасталсын;

1-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушы активтерінің кестесі осы Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының пруденциялық реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес Кредиттік тәуекелді ескеріп мөлшерленген, туынды қаржы құралдарын ашып жазу Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес К2 ағымдағы өтімділік коэффициентін ашып жазу Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

3. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып

алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелері (бұдан әрі - Нормативтер);";

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелері (бұдан әрі - Нормативтер) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі - Заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына

сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін белгілейді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері Нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту кестесі бойынша есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерінің ұлғаю сомасына сәйкес қайта сақтандырушының рейтингтік бағасына немесе өткен есепті күнгі Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәніне байланысты, қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қайта сақтандыруға берілетін (берілген) міндеттемелер сомасына ұлғаяды."

34-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесіне сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін есептеуде көрсетілген көлемде;"

34-тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 38-тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

4) Нормативтердің 38-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бейрезидент банктерде орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 38-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары

- Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;"

38-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің кестесінде көрсетілген көлемде өтімділігі жоғары активтердің есебіне енгізіледі.";

40-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншік құқығы шектелген активтер (РЕПО операцияларын қоспағанда).

Кері репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнының есебіне Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде енгізіледі.

Кері репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің есебіне Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің кестесінде көрсетілген көлемде енгізіледі;"

Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда 3-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда 4-қосымшамен толықтырылсын;

Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда 5-қосымшамен толықтырылсын.

4. "Ұлттық пошта операторы үшін пруденциялық нормативті, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептіліктің нысанын, табыс ету мерзімін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14786 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық пошта операторы үшін пруденциялық нормативтерді белгілеу туралы";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық пошта операторы үшін мынадай пруденциялық нормативтер белгіленсін :

1) меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті, оның мәні есепті айдың соңында кемінде 0,12 құрайды.

Меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті Ұлттық пошта операторының меншікті капиталының оның активтері сомасына қатынасы ретінде есептеледі;

2) өтімділік коэффициенті, оның мәні есепті айдың соңында кемінде 0,30 құрайды.

Өтімділік коэффициенті өтімділігі жоғары активтер мөлшерінің талап етілгенге дейінгі міндеттемелердің шамасына қатынасы ретінде есептеледі.

2. Ұлттық пошта операторының меншікті капиталы мыналардың:

материалдық емес активтердің;

өткен жылдардағы шығындардың;

ағымдағы жылғы шығыстардың ағымдағы жылғы кірістерден асып түсуі;

басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу сомалары шегерілген:

төленген жарғылық капиталдың (ақшалай төленген сомалар шегінде);

қосымша капиталдың;

өткен жылдардағы бөлінбеген таза кірістің (оның ішінде бөлінбеген таза кіріс есебінен қалыптастырылған қорлар, резервтер);

ағымдағы жылғы кірістердің ағымдағы жылғы шығыстардан асып түсуі сомасы ретінде есептеледі.

3. Өтімділігі жоғары активтердің есебіне мыналар:

1) ақша, оның ішінде:

кассадағы ақша, Ұлттық пошта операторының балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша;

орталық депозитарийдегі шоттардағы ақша;

Ұлттық пошта операторының клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларындағы жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" санатынан төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Moody's Investors Service, Fitch рейтингтік агенттіктердің немесе олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша;

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша;

2) басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

шығарған бағалы қағаздарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі талап етілгенге дейінгі депозиттер;

4) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzB"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

5) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzB" төмен емес рейтингі бар (эмитенттерінде бар) мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

6) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

7) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (эмитенттерінде бар) шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

8) ықтимал шығындарға арналған резервтер шегерілген, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

9) Exchange Traded Funds (ETF) пайлары, олардың активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайды немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты;

10) Morningstar рейтинг агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;

11) тазартылған бағалы қағаздар және металл депозиттер;

12) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" -тен төмен емес бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің рейтингтік рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар исламдық қаржыландыру құралдары;

13) мынадай талаптарды сақтау шартымен ислам банкінің исламдық қаржыландыру құралдары:

исламдық банктің ірі акционері болып табылатын ұйымда Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-ден төмен емес рейтингтік бағасының немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасының болуы;

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес ислам банкі үшін белгіленген пруденциялық нормативтерді сақтау жөніндегі талаптарды орындау.

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімділігі жоғары активтердің есебіне қосылмайды:

Ұлттық пошта операторының бағалы қағаздарды оларды кері сатып алу немесе кепілге беру талаптарымен сатуы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзгеше түрде ауыртпалық жүктеу;

Ұлттық пошта операторының автоматты "репо" нарығында бағалы қағаздарды оларды кері сату талаптарымен сатып алуы;

егер осы бағалы қағаздарды Ұлттық пошта операторына қатысты үлестес заңды тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарса.";

6 және 7-тармақтар алып тасталсын.

5. "Пруденциялық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен белгілі бір күнге банк конгломераты капиталының мөлшері лимиттерінің нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін, банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, сондай-ақ Банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті табыс ету қағидаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14790 болып тіркелген, 2017 жылғы 23 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілеу туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгіленсін.";

2-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен белгілі бір күнге банк конгломераты капиталының мөлшері лимиттерінің нормативтік мәндерінде және есептеу әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесі, капиталының мөлшері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесі, капиталының мөлшері (бұдан әрі - Нормативтер) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілейді.";

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банк конгломератының міндетті сақтауы үшін банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің, капиталының мөлшері құрамына мыналар кіреді:";

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тәуекелдер - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 тіркелген, "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (бұдан әрі - № 170 қаулы) сәйкес есептелген банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері";

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша (банк үшін - тәуекелдер дәрежесі бойынша) № 170 қаулыға сәйкес сараланады.";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Бір қарыз алушыға тәуекелдің мөлшері № 170 қаулымен белгіленген талаптарға ұқсас есептеледі."

6. "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Standard & Poor's агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен бекітілген Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағаларын да таниды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қағидалардың қосымшасына сәйкес Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген тиісті көлемдегі активтер инвестициялық портфельді басқарушының өтімді активтері ретінде танылады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Инвестициялық портфельді басқарушы Қағидалардың қосымшасына сәйкес Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесі бойынша алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы

жұмыс күнінің тура алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңындағы жағдай бойынша әрбір жұмыс күні инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндерінің есебін жүргізеді.";

14-тармақтың 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кері репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидаларға қосымшаға сәйкес Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген көлемде инвестициялық портфельді басқарушының өтімді активтер есебіне енгізіледі;"

2-тарау мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті және (немесе) өтімділік коэффициенті бұзылған жағдайда инвестициялық портфельді басқарушы бұзылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті пруденциялық нормативті бұзу фактісі және себептері туралы, оны жою бойынша іс-шаралар жоспарымен қоса уәкілетті органға хабарлайды.";

3-тарау алып тасталсын;

Қосымшаға сәйкес Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндерінің есебі Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, екінші деңгейдегі банктерге, Ұлттық почта операторына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарушыларға қолданылмайды.";

1-тарау мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар пруденциялық нормативтерді бұзған жағдайда, бұзылған күннен 3 (үш) жұмыс күні

ішінде тиісті пруденциялық нормативті бұзу фактісі және себептері туралы, оны жою бойынша іс-шаралар жоспарымен қоса қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) хабарлайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қағидалардың қосымшасына сәйкес тиісті көлемде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген активтер брокердің және (немесе) дилердің өтімді активтері ретінде танылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Брокер және (немесе) дилер Қағидалардың қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесі бойынша алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы жұмыс күнінің тікелей алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңындағы жағдай бойынша әрбір жұмыс күні бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебін жүргізеді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қағидалардың қосымшасына сәйкес тиісті көлемдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері ЕЖЗҚ-ның өтімді активтері ретінде танылады.";

16-тармақтың 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кері репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидалардың қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген көлемде ЕЖЗҚ-ның өтімді активтерінің есебіне енгізіледі.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. ЕЖЗҚ Қағидалардың қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесі бойынша алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы жұмыс күнінің тікелей алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңындағы жағдай бойынша әрбір жұмыс күні бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебін жүргізеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қағидалардың қосымшасына сәйкес тиісті көлемдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның

пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген активтер ИПБ1 немесе ИПБ2-ның өтімді активтері ретінде танылады.";

25-тармақтың 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидалардың қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесінде көрсетілген көлемде ИПБ1 немесе ИПБ2 өтімді активтерінің есебіне енгізіледі;"

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. ИПБ1 немесе ИПБ2 Қағидалардың қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндері есебінің кестесі бойынша алдыңғы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы жұмыс күнінің тікелей алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңындағы жағдай бойынша әрбір жұмыс күні бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебін жүргізеді.";

5-тарау алып тасталсын;

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебі Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

8. "Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18293 болып тіркелген, 2019 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің

нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы";

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемелерінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері Нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту кестесі бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерінің ұлғаю сомасына сәйкес исламдық қайта сақтандырушының рейтингтік бағасына немесе Қазақстан Республикасының резиденті - қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәніне байланысты, қолданыстағы исламдық қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері - исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қайта сақтандыруға берілетін (берілген) міндеттемелер сомасына ұлғаяды.";

32-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Нормативтердің 34-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша, - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, кестеде көрсетілген көлемде;"

32-тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Нормативтердің 34-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, кестеде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 34-тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарына орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, кестеде көрсетілген көлемде;

4) Нормативтердің 34-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес бейрезидент банктерге орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, кестеде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 34-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, кестеде көрсетілген көлемде;"

34-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің кестесінде көрсетілген көлемде өтімділігі жоғары активтер есебіне енгізіледі.";

осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда 3-қосымшамен толықтырылсын;

осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда 4-қосымшамен толықтырылсын;

осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда 5-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
пруденциялық реттеу мәселелері
бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша
Сауда-саттықты
ұйымдастырушы
үшін пруденциалдық
нормативтердің
мәндерін есептеу қағидалары
мен әдістемелеріне
1-қосымша

Сауда-саттықты ұйымдастырушының салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің кестесі

№	Баптардың атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1	Қолма-қол теңге	0
2	"Standard & Poor's" агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3	Тазартылған бағалы металдар	0

4	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар	0
5	"Standard & Poor's" агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
6	"Standard & Poor's" агенттігінің "АА"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	0
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
8	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
9	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
10	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар	
11	"Standard & Poor's" агенттігінің "АА"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
